

Байділдин Хайролла

1926 жылы 10 ақпанда Қостанай облысы Амангелді ауданы Шыңсай ауылдық кеңесіне қарасты Кеңтүбек деген ауылда дүниеге келген. 7 сыныпты бітіргеннен кейін, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған соң әрі қарай оқи алмай Кеңтүбек колхозында екінші есепші болып жұмыс істеген. Қызыл Армия қатарына 1945 жылдың ақпан айында алынып, Приморск өлкесінің Ворошилов қаласындағы танк бригадасының 24-полкі құрамында болған. Сол жылдың тамыз, қыркүйек айларында Жапония арадағы соғысқа қатысып, жараланған. Кейін 1950 жылдың наурыз айына дейін Совет Армия қатарында қызмет етіп, 2-топтағы мүгедек болып елге оралған. «Отан соғысы» орденімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» және Кеңес Одағының Маршалы «Г.К. Жуковтың» медалімен марапатталған. Аудандық мал бордақылау ұжымында 38 жыл есепші, бас есепші және 8 жыл ұжым директоры болып қызмет атқарған.





